# Хаттама № 1

2020 жылдың 8 қыркүйек күні Жалпы білім беретін Еркінқала орта мектебінің Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің кезекті отырысы болып өтті.

Кеңес мүшелерінің саны-9, қатысқаны – 6

Күн тәртібінде:

1.Қамқоршылық кеңестің нормативтік құжаттарымен таныстыру ,кеңес жоспарын бекіту.

2.2020-2021 оқу жылындағы пандемия кезіндегі қашықтықтан оқытуға байланысты жасалынатын шаралар туралы;

3. Әлеуметтік жағдайына байланысты қаржылай және материалдық көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі I мәселе бойынша мектеп директоры Б.Қисметов сөз алды:Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау туралы Қазақстан Республикасы және ғылым министрінің 2017 ж.27 шілдедегі № 355 бұйрығына сәйкес Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырып өтті.

ҚК білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-ана комитетімен, жергілікті атқарушы органмен, мүдделі мемлекеттік органдармен және заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтынын айтып түсіндіріп өтті.Сонымен қатар ҚК өкілеттілігі туралы айтып өтті. Биылғы 2020-2021 оқу жылында жасалынып отырған жоспармен танстырып өтті.

Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төраға орынбасары Раушанов Салауат сөйлеп,отырыстың мақсатымен таныстырды. 2020-2021 оқу жылы елдегі пандемия жағдайына байланысты қашықтықтан оқытумен жалғасатындығын ,осыған орай мемлекет тарапынан беріліп жатырған көмекті дұрыс беру екендігін атап көрсетті. Еркінқала ауылдық округіне қарасты Еркінқала және Еркінкала-2 елді-мекендерінде әлеуметтік жағдайына байланысты қаржылай және материалдық көмекті қажет ететін отбасылардың көп екенін айтты. Осы отырыста сол отбасылардан әлеуметтік жағдайына байланысты қажет құжаттар тізімі арқылы нағыз мұқтаж отбасыларды анықтау керектігін түсіндірді.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Амирова Ботагөз сөйлеп, өзінің осы карантин уақытында көп балалы ана ретінде қашықтықтан оқыту кезінде көптеген қиыншылықтарға тап болып отырғандығын, көп балалы ата-аналарды жақсы түсінетінін және мүмкіндік болса документтері толық отбасыларына көмек берілсе

екен деп  айтып өтті, Осындай отбасыларға сол мемлекет тарапынан қаржылай және материалдық көмек бөлінсе деген ұсынысын жеткізді.

Кеңес мүшесі Құмарғалиева Бибігүл сөйлеп, осындай отбасыларға қаржылай көмек бөліну кезінде құжаттарды ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының негізіне сүйене отырып қарағандарын ,  34 отбасындағы  93баланы анықтап отырғанын айтты. Жалпы мектеп бойынша 81 отбасының  190 бала документі жиналып тұр бірақ толығы 34 отбасы, 93 бала.

Еркінқала орта мектебінің Қамқоршылық кеңесінің отырысы күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе төмендегіше қаулы етеді.

Қаулы:

1.Қамқоршылық кеңес жұмысы  жоспары бекітіліп, іске асырылсын.

2.Еркінқала орта мектебінің Қамқоршылық кеңесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының негізіне сүйене отырып, әлеуметтік жағдайына байланысты қаржылай және материалдық көмекті қажет ететін 45 отбасын төменде жалғанған тізім бойынша ұсынады ( тізім жалғанды)

3.2020-2021 оқу жылындағы қашықтықтан оқытуға байланысты қаржылай және материалдық көмек қажет ететін отбасыларды ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының негізіне сүйене отырып әлі де анықтау ісі Қамқоршылық кеңес мүшелеріне міндеттелсін.

| | |
|---|---|
| Қамқоршылық кеңес төрағасы: | Жұматаев Н.Ж. |
| Кеңес хатшысы: | Амирова Б.А. |
| Кеңес мүшелері: | Раушанов С. |
| | Аленов Е.Б. |
| | Досжанова К.К. |
| | Құмарғалиева Б.М. |

Хаттама № 2

2021 жылдың 5 қаңтар күні Жалпы білім беретін Еркінқала орта мектебінің Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің кезекті отырысы болып өтті.

Кеңес мүшелерінің саны-9, қатысқаны – 6

Күн тәртібінде:

1.Жалпыға міндетті тегін тамақтану мәселесі

2.Әлеуметтік жағдайына байланысты қаржылай және материалдық көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау.

3.Пандемия кезіндегі мектеп формасын ұстану туралы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы Жұматаев Н. сөйлеп,отырыстың мақсатымен таныстырды. 2020-2021 оқу жылы елдегі пандемия жағдайына байланысты 1-5сынып оқушылары түгелдей шығады ,бірақ 9-11 сынып оқушылары 70 пайызбен оқиды ,осыған орай мемлекет тарапынан беріліп жатырған тамақтануды дұрыс ұйымдастыру керек екендігін атап көрсетті. Еркінқала ауылдық округіне қарасты Еркінқала және Еркінқала-2 елді-мекендерінде әлеуметтік жағдайына байланысты қаржылай және материалдық көмекті қажет ететін отбасылардың көп екенін айтты. Осы отырыста сол отбасылардан әлеуметтік жағдайына байланысты 5-9 сыныптан 15 бала шығып отыр ,бірақ документтері түгел болмағандықтан тек 5 оқушыға ғана тегін тамақ ұйымдастырылуда сондықтан қажет құжаттар тізімі арқылы нағыз мұқтаж отбасыларды анықтау керектігін түсіндірді.

Сөйлеу:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Амирова Ботагөз сөйлеп, өзінің осы карантин уақытында көп балалы ана ретінде қашықтықтан оқыту кезінде көптеген қиыншылықтарға тап болып отырғандығын, көп балалы ата-аналарды жақсы түсінетінін және мүмкіндік болса документтері толық отбасыларына көмек берілсе екен деп айтып өтті, Осындай отбасыларға сол мемлекет тарапынан қаржылай және материалдық көмек бөлінсе деген ұсынысын жеткізді.

Екінші мәселе бойынша: Кеңес мүшесі Құмарғалиева Бибігүл сөйлеп, осындай отбасыларға қаржылай көмек бөліну кезінде құжаттарды ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулы- сының негізіне сүйене отырып қарағандарын , 34 отбасындағы 93баланы анықтап отырғанын айтты. Жалпы мектеп бойынша 81 отбасының 190 бала документі жиналып тұр бірақ толығы 34 отбасы, 93 бала.

Үшінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Амира Ботагөз сөз алды : мектеп 1-5 сыныптар толықтай ашылған кезде мектептің сәні мектеп формасы деп білемін сондықтан ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығын басшылыққа ала отырып, пандемия кезінде қазіргі Білім және ғылым министрі 2020 ж 16 тамыздағы № 546 бұйрығында А. Айтмағанбетовтің пандемия кезіндегі еркін киім формасы туралы бұйрығын қолдай отырып, өзіміздің №26 бұйрықтың 26 тармағын басшылыққа ала отыра мектеп басшысы білім алушылардың мектеп формасын сақтауы мәселесін осы қамқоршылық кеңестің талқылауына салып, қолдайтынымды айтамын, өйткені ата-ана жағдайына қарасып, дегенменде классикалық үлгіде балалардың жинақы киінгені дұрыс.

Еркінқала орта мектебінің Қамқоршылық кеңесінің отырысы күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе төмендегіше қаулы етеді.

Қаулы:

1.Еркінқала орта мектебінің Қамқоршылық кеңесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының негізіне сүйене отырып, әлеуметтік жағдайына байланысты 15 отбасына 5-9 сынып оқитын балаларға тегін тамақтану ұйымдастыру мектеп әлеуметтік педагогы А.Аманбайға тапсырылсын.

2.2020-2021 оқу жылындағы қашықтықтан оқытуға байланысты қаржылай және материалдық көмек қажет ететін отбасыларды ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының негізіне сүйене отырып әлі де анықтау ісі Қамқоршылық кеңес мүшелеріне міндеттелсін.

3.Мектеп басшысының білім алушылардың мектеп формасын сақтауы мәселесін пандемия кезіндегі ішкі тәртіп ережелеріне қосып, сақталуын қадағалау және орындалысынмектеп директорының орынбасары С. Хасановаға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Жұматаев Н.Ж.

Кеңес хатшысы: Амирова Б.А.

Кеңес мүшелері: Раушанов С.

Аленов Е.Б.

Досжанова К.К.

Құмарғалиева Б.М.

Хаттама № 1

2021 жылдың 27 тамыз күні Еркінкала орта мектебінің Қамкоршылық кенесі мүшелерінің кезекті отырысы болып өтті.

Кеңес мүшелерінің саны-9,

Қатысқандар саны– 11 Мектеп директоры: Кисметов Б.Д. МДТІЖО –Хасанова С.

Күн тәртібінде:

1. Қамкоршылық кеңес мүшелерін кайта сайлау

2. Қамкоршылық кеңестің ережесімен, максат міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру.

Күн тәртібіндегі :1-мәселе бойынша мектеп директоры Б.Кисметов сөз алып: жиналыска катысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 27.07.2017 жылғы №355 бұйрығымен бекітілген «Қамкоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережемен таныстырып өтті. Қамкоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік,бірге баскарудың қоғамдық мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі ізгілік кызметтері мекемелеріне колдау жасауға қосымша каржы тарту мақсатында құрылатындығын айта кетіп,»Жалпы білім беретін Еркінқала орта мектеп» комуналдық мемлекеттік мекемесінде камкоршылық кеңес мүшелігіне өзгеріс енгізіліп отығанын айтып өтті.Жиналыска катысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды.

1. Жұматаев Х. Ж.-«Абишева « шаруа кожалығының басшысы,кеңес төрағасы
2. Раушанов С.Т.-Еркінкала ауылдык округі әкімдігінің бас маманы , кеңес мүшесі
3. Кангерейұлы М.-Еркінқала ауылдык учаскелік инспекторы ,кеңес мүшесі
4. Измағанбетова Р.Б. «Алтын алқа» иегері кеңес мүшесі
5. Құмарғалиева Б.М.-Еркінқала ауылдық клубының меңгерушісі кеңес мүшесі
6. Зинуллин Б.М.-2 а сынып ата-анасы кеңес мүшесі
7. Құмарғалиева Б.М.-Еркінқала ауылдық клубынын меңгерушісі,кенес мүшесі
8. Турганбаева Р.А.-«Күміс алқа» иегері кеңес мүшесі
9. Жексемалиева Ш-Еркінқала жастар ұйымы мүшесі,кенес мүшесі

Ұсыныс бір ауыздан қабылданды.

Хаттама № 2

2021 жылдың 10 күні Еркінқала орта мектебінің Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің кезекті отырысы болып өтті.

Кеңес мүшелерінің саны-9, қатысқаны – 6

Күн тәртібінде:

1.2021-2022 оқу жылына ҚК жұмыс жоспарын бекіту

2.Жалпыға міндетті білім беру қорынан материалды көмекке мұқтаж оқушылардың тізімін қарастыру

Тыңдалды:

І-ші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төраға орынбасары Раушанов Салауат сөйлеп,отырыстың мақсатымен таныстырды. 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды .Жасалған жоспардан ауытқымай ,жоспар бойынша жүруді ұсынды. Жоспарға жетім балармен олардың бір ата-анасы немесе заңды өкілдерімен дөңгелек үстел өткізіуді жоспарға енгізіп отырғандығы туралы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша Раушанов Салауат сөз сөйлеп:Еркінқала ауылдық округіне қарасты Еркінқала және Еркінқала-2 елді-мекендерінде әлеуметтік жағдайына байланысты қаржылай және материалдық көмекті қажет ететін отбасылардың көп екенін айтты. Осы отырыста сол отбасылардан әлеуметтік жағдайына байланысты 1-11 сыныптан 950 бала шығып отырғандығы ,бірақ документтері дұрыс емес немесе түгел болмағандықтан № 64 қаулы бойынша 90 көп балалы отбасы балалары, жартылай жетім отбасы балалары- 30, аз қамтылған отбасы балалары -35, АСП алатын отбасы балалары-12. Осындай отбасыларға мемлекет тарапынан қаржылай және материалдық көмекпен бірге ауылдық жекеменшік кәсіп илерін тартса деген ұсынысын жеткізді

Еркінқала орта мектебінің Қамқоршылық кеңесінің отырысы күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе төмендегіше қаулы етеді.

Қаулы:

1.2021-2022 оқу жылына арналған ҚК жылдық жопспары бектілсін.

2.Еркінқала орта мектебінің Қамқоршылық кеңесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысының негізіне сүйене отырып, әлеуметтік жағдайына байланысты көп балалы,ж/ж, аз қамтылған отбасы балаларына жалпыға бірдей мектеп қорынан қажетті оқу құрал, мектеп формасы, жылы киімдерге сұраныс беру мектеп әлеуметтік педагогы Т.Жиенғалиге тапсырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы орынбасары: Раушанов С.

Кеңес хатшысы: Жексемалиева Ш.

Кеңес мүшелері: Турганбаева Р

Избасқанов А.

Измаганбетова Р.

Құмарғалиева Б.М.